



Биыл Аманкелді Имановтың туғанына – 150 жыл. Қазақ жастарын майданға тыл жұмысына алу жөніндегі патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы халықтың шыдамын тауысып, олардың отарлау езгісі мен орта ғасырлық қанауға қарсы көтерілуіне себеп болды. Майдан жұмысына қазақ жастарын алу туралы жарлық қазақ халқының зор наразылығын тудырды.

Қазақстандағы бұл қозғалыс көпшілік аудандарында ұлт-азаттық сипатта болып, патша өкіметіне, отаршылдыққа, империалистік соғысқа және жергілікті жерлерде патша өкіметінің сүйеніш болып отырған феодал – байларға қарсы бағытталды. Бұл қозғалыста еңбекші халықтың өкілдері басқарды. Торғай даласында қазақ жастарын Әліби Жангелдин мен Аманкелді Иманов бастады. Ол тарихта «Ұлт-азаттық көтеріліс» деген атпен қалды. Бұл көтерілістің басында болған қаншама мықты батырлар тарих қойнауында қалып қойды. Бір себептермен аты да аталмады.

Соның бірі халық Аманкелді батырдың орынбасары етіп сайлаған – Өмен Мұсабайқажыұлы еді. Сол сияқты көптеген сарбаздардың есімі ескерусіз тарих қойнауында қалып қойды. Әрине, тарихтың ақтаңдақ беттері ашылып жатқан уақытта олардың да есімдері де ашыла түспек. Соның бірі, ұлт-азаттық көтерілістің сарбазы, белсендісі, артына ғибратты естелік қалдырған – Қабылда Нұртазаұлы атамыз еді. Бүгін біз Қабылда атамның баласы – Қасқырбай Мұхаммеджановтың естелігін оқырман қауымға ұсынып отырмыз.

Аманкелді сардардың сарбазы Қабылда әкемнің естелігі

Биыл Ұлт-Азаттық көтерілістің бас сардары - Аманкелді батыр 150 жасқа келсе, оның сарбазы болған марқұм Қабылда әкем 127 жаста екен. Балалық алаңғасар ісім мен сөзіме көңілі толмағанда, екі ағасымен бірге Аманкелдінің сарбазы болғанын айта бастаушы еді.

– Әке киіктердің суатқа құлайтын уақыты болып қалды, намаздыңды қоя тұрсаң қайтпеді?,- деймін мен еркелеп.
– Тәйт! Сарбаз болған кезімде де намазым қаза болмап еді,- деп дәретін алып, намазын оқып болғанша, киіктер шөлі қанғанша суға тойып кетіп қалатын. Менің томсырайып жүргеніме қарап, күледі.

– Қасау тайым, асау тайым жүре ғой, құс бытыра жетеді. Саған құс ағуды үйретейін дегенде, ес қалмайды. Маған гильзаға оқ дәріні шамалап салады. Мылтық дүмбісін иыққа тіреп, әкемнің нұсқауын күтемін. Қарауыл сызықшасының арасымен анау ұңғының ұшындағы нысананы үйрекке дәлде, демінді ішіне тартып көзде де, ат! «Гүрс!...». Көзімді ашсам, көк түтіннен ештеңе көрінбейді, үйректер пырылдай ұшып, бөгеттің алқымына таяу барып қонды.

Кейкінің мергендік сынағынан, нысанана кірпік қақпай дәл тигізін, өзі мергендер қатарына өткен әкемнің «мерген болам десең, мылтықты мықтап ұста, кірпігінді қағушы болма!,-дегені есімнен кетпейді. Сексенге келгенімен, қаланың пәтеріне байланған қазіргі алыстағы менен тың еді. Үйректер әрі қарай ойысып барады. Мылтығын алып көздейме десең, асықпай нысанбай атып, күйдіруін қарашы. Бір уақытта бір тізерлей мылтығын кезеп, тақиясын сол жақ шекесіне қарай ысыра салды. Онысы көздеуге сол көзін жапқан.

– Әке, болсаңшы, үйректер алыстап барады,- деймін тыпырышып.
– Көзжім бұлдырға отырғаны... (аузында насыбай тұрғанда «з» дыбысын шығаруы қиындайды). Гүрс еткен мылтықтың даусы бөгеттің алқымын жаңғыртып жіберді. Қарасам екі үйрек шалқасынан түсіп, бауыры жарқырап жатыр. Мен әкемнен ескі әдіспен қорғайдан бытыра құюды үйрендім.

– Соғыс кезінде бәрінде бірдей бөтенке қайдан болсын, көбінде 70-80 метрден даритын бытыралы құс мылтық болды, жастар үлкендерге бытыра құйып беріп бағасын алушы едік. Бір отырғанда 4-5 жігіт осындай көрпеш бытыранның бір шелегін құйып тастаймыз, уа, дариға өмірай!,-деп қоятын.

– Әке, сонда осыншама бытыраны атағын оқ дәріні (порохты) қайдан алдыңыздар?,- деймін.

– Қыстың басында Аманкелдінің сенімді серіктерінің бірі Зияутдин Сатыбалдыұлы қосынға келсін дегенін естіп, шауып бардым. Барсам, жанында Мұхаммеджан ағам (менің атам) отыр екен.

– Мұқанмен келітім, менімен жүресің. Баратын жер алыс, қалың киім мен тұлыбың болсын, құрт пен талқан артық етпейді, ет алмай-ақ қой, өзін мол қылып пісіртіп алып шығамын - деді Зияутдин ағамыз. Сөздерінен аңғарғаным жол жүретін он шақты жігіттің бірі екенмін. 20-21 жастағы кезім. Ертен емес, арғы күні ел жата елеусіз жеке шығып кетесің. Қосыннан бес шақырым ұзағасын, өзен иіріміндегі талды тоғайдың алаңшасында басымыз қосылуы тиіс. Желтоқсанның ай жарығында уәделі жерге жетіп бардым. Аманкелді Сардарбек пен Аманкелді батырдың орынбасары Өмен батыр өздері

шығарып салуға келіп, Зияутдин ағамызбен күбірлесіп оқшау тұр екен. Сәлем беріп, әрідегі жігіттер тобына өте бергенімде:

– Әй, Қабылдамысың? - деп гүж еткен Өменнің даусын естіп, аттың басын тарттым.

– Иә, Өмен аға, Қабылдамын ғой,- дедім.



– Бері жақында, сен маған айтпай, қайда кетіп барасың?

– Өте құпия, дегесің, өздеріңіз білетін шығар деп,... кібіртіктеп Зияутдинге қарадым.

– Сенімді, ауылдың жігіті, ағасы Мұхаммеджаннан сұрап алдым, маған да осындай епті жігіттер керек,- деп Зияутдин Өмен інісіне қолқа салғандай қарады.

– Жоқ, Зәке ренжімеңіз, Қабылда атқаның жібермейтін жігіт, осында болуы керек, бармайды,- деп Өмен батыр кесіп тастады.

– Қабылда, кімнің баласысың?,- деген Аманкелді батырдың даусына жалт қарадым. Бас сардардың көзі ту сыртынан өткендей өткір еді. «Әкемді айтсам танымас» деген ой келді.

– Әкем Нұртаза қайтыс болған, Дүйсен қажының немересімін -дедім.

– Ее, елге сыйлы Дүйсен қажы ақсақалдың ұрпағы екенсің ғой. Қарағым, Қабылда бізге мылтықты жақсы атағын әрбір адам қымбат, Өмен ағаң екінің бірін мақтай бермейді, енді оның рұқсатынсыз ешқайда шығушы болма, бар қосынға қайт,-деді.

– Тақсыр, айтқаныңыз екі болмайды, кешіріңіз -деп, тәрттіп бойынша оң қолымды төсіме қойып, бас иідім. Атымды тебіне беріп, көзім түсіп кетті, Бас Сардарбекім жылы ұшырап, қарап тұр екен. Кейін Мұхаммеджан ағам «Зияутдин тобы Ақмешітке қару-жарак пен оқ дәрі алуға бара жатқан беті. Аз күн болса да оқтан тасада жүрсін деп едім, енді абай бол қарағым,-деп еді әкемдей болған қайран ағам. «Есіктегі төрге шығатын, кері заман келе жатыр»-дейтін Дүйсен қажы ағам 1926 жылы сексеннен асып дүниеден өтті. Әулеттің ендігі бас көтерісі - Мұхаммеджан ағам 1929 жылғы Батпаққара көтерілісіне тергеудің барлық ауыртпалығын көтерді. Алғашқы тергеуде екі ініммен бірге «Аманкелдінің сарбазында болдым, Кеңес үкіметі үшін қан төктім» дегесін босатып еді. Заман желімен есіріп, қызыл белсендіге айналған бұрынғы есігіне жүрген тексіз, иттігін көрсетіп, ақыры түбіне жетті ғой- деп, ауыр күрсініп алады.

– Иә, негізгі әңгімеден ағам ойысып барады екенмін. Сол жолы Зия-

утдин тобының неге, қайда кеткенін Мұхаммеджан ағамнан естідім. Зияутдин Сатыбалдыұлының Ақмешітке орыстың қару-жаракқа жауапты әпісеріне салатын татар тамыры бар екен. Некалай патшаның, оның әкесі Ескендір патшаның басы бейнеленген алтын ақшаны көрген татар тамыр мен қоймашы әпісер бір түнде арба-

рын торимыз. Ол найсаптар көбіне бойларын жылытуға, шаршағанын басуға бозасын ішіп, масайып жүруші еді. Қалтарыста тұрып, ортасындағы басшымен атамыз. Басшымен бірге алдыңғы қатардағылар құлағанда, қалғаны кері бұрылып қаша жөнеледі. Қолға түскесін, сұрағанды беріп, қанымды қалдыр,- деп жалынады. Бірақ өлтіріп, сүйегін жасыру қатаң тапсырылады. Осындай олжадан түскен қару, қашқан, өлген орыстан алынған етік пен мылтықтар да аз болған жоқ.

– Етіктері сіздердікінен әдемі, жеңіл шығар? - деймін баяғы.

– Әй, етіктері жеңіл болғанымен, жазға болмаса, қысқа қазақы байпақты етіктей қайдан жылы болсын?

– Мылтығы мен етігінен басқа киімін шешіп алдыңдар ма?

– Өлген орыстардың не кигендерін де көрдік қой, маға шалбардың ішінде бозази матада не жылу болушы еді. Матаның қат кезі ғой, алғысы келген кедей жігіттер болды. Бірақ айлап жуынбаған байғұстардың сасып кеткені былай тұрсын, сосын олардың биттеп кеткен киімдері кімге керек дейсін.

– Әке орыстардың киімі жұқа болғанда сендер не киіндір, әбден тоңған шығарсындар-деймін.

– Тууу, айтып отырған сөзіңе болайын?,- деп кейіп сөйлейді. Қазақтың аяғында байпақты етік, жиде-станның сыртында тері шалбар, шекпеннің ішінде тері кеудеше. Аузына насыбайын салып алып, шырты түкіріп, жауды күткен көп қазақтың бірі едім, осы мына Доғалдың бойынан күтіп алдық. Аманкелді батырдың жанында мен атайын сен тұр деген, өңкей бір жау жүрек жігіттер болатын. Доғалдың қары қалың тоғайы мен қолпанына шегіне қашып, көпірді тұзаққа түсірді.

– Түске жетпей жау қарасы көрінді. Үрпек жақ бетте бір шақырымдай жерде шабуылға дайын тұрған атты әскерге зеңбірекпен атқанмен, оларға оғы жетпеді. Доғал бойының қалың талы мен қолпанына үйілген қалың қардан зеңбірегін алға жылжыту мүмкін болмаған екен, ал алыстан атқан зеңбірек добынын пайдасынан зияны тиді. Дегенмен, мұндай күрсілді көрмеген аттары үркіп, тосқауылдағы атты әскеріміз шегінді. Зеңбіректі өзен бойының тоғайына жеткізе алмаған орыстар, өзен табанында қолпанын арасына бекінген бізге бет алды. Бір иірімде отыз шақты мерген жатырмыз, біз сияқты оншақты топ өз шебін аңдып жатыр. Көп ұзамай орыс солдаттары шеп құрып, әр тұстан 15- 20 адамнан мылтығын ата омбылай жүгіріп, қиқулай ұмтылды. Белгі берілгенде біздің мылтықтарымыз бір мезгілде күрс етті. Нұсқау бойынша мен он шеттен төртінші жатсам, қарсы шептің шеткі төртінші адамы менікі. Бір мезгілде көздеп атқан оқтан жығылған солдаттар тұрмады. Тек ең шеткі мергеннің қисықтау ұшатын ескі мылтығының оғы, солдаттың жүрегіне емес, тізесіне тиген екен. Әлгі орыстың мылтығын тастай салып, тізесін құшақтай өкірген дауысы өзен аңғарын жаңғыртып жіберді. Бұлардан 10-15 кадам кейін жүгірген екінші қатар қалың қарға жата қалды. Қопадан жоғарырақ шок тал түбінде жатқан жүзбасы ыржиып, шошайған сұқ саусағымен ымдағанын бәріміз көріп жатырмыз. Ол өкірген солдатты атпаңдар дегені. Солдаттың ащы даусы былайғы солдаттың көңіл күйіне кері әсер еткенін түсінген болуы керек, көмәндірінің жаралы солдатқа ақырған даусы шықты, сөйтсек «қысқарт» деген екен.

Тындамаған солдаттың өкіруіне намыстанған бастығы өз нағанымен атып, үнін өшірді.Сай табанына жартылай түскен орыс әскерінің бірінші қатары атқаннан қозғалмай қалғаны – «жандары жәһәннәмға кетті» деген сөз. Екінші қатарда жаны шықпағаны қарға жабысып, қашанғы жатсын? Еңбектей шегінгенде, басын көтергенін мергендер қағып тастайды. Келгенінің жартысынан астамының сүйегін қалдырған орыстар, аңғардан зорға шығып құтылды. Бұл тек мен бекінген шепте болғаны, орыстарды осылай қыру өзеннің басқа аңғарында да көп болған екен. Ыңғайлы жерден төмен түсіп, ту сыртымыздан келуді ойлап, ашық мұзбен жүгірген 25-30 шақты солдат мергендерге тамаша нысана болды. Өлгені мен шалажансары бұларға жетпей әріректе мұз табанында қалады. Орыстар қопаның шетінен от қойғанда күн еңкейіп қалған еді.Біз басшылар бұйрығымен мұз табанына түсіп, тал мен қамысты жағалай сүт пісірмейді жүгіріп кеттік. Артымыздан жобалап атқан зеңбірек оғынан мұз жарылып, маңағы 30 шақты өлгені мен өлмей шалажансар мұзда жатқан солдаттардың сүйегі суға кетіпті. Өзен бойындағы тал мен қопа соғыс біткен келесі күні кешке дейін өртенген екен. Өрт жарығынан солдаттардың түні бойы өлгендердің сүйектерін сүйреп шаналарға тиетіні көріп тұрыпты. Хан ордасын талқандадық деп жүргендері солдатқа адам бермеуге бекініп, хан мен батырды сайлаған Қоғалықөздегі ақтасы Мұхаммеджан әкеміздің өзі мен жақындарының оюлы қызыл кірпіштен салынған бірнеше үйлері етік пен мылтықтар да аз болған жоқ.

– Етіктері сіздердікінен әдемі, жеңіл шығар? - деймін баяғы.

– Әй, етіктері жеңіл болғанымен, жазға болмаса, қысқа қазақы байпақты етіктей қайдан жылы болсын?

– Мылтығы мен етігінен басқа киімін шешіп алдыңдар ма?

– Өлген орыстардың не кигендерін де көрдік қой, маға шалбардың ішінде бозази матада не жылу болушы еді. Матаның қат кезі ғой, алғысы келген кедей жігіттер болды. Бірақ айлап жуынбаған байғұстардың сасып кеткені былай тұрсын, сосын олардың биттеп кеткен киімдері кімге керек дейсін.

– Әке орыстардың киімі жұқа болғанда сендер не киіндір, әбден тоңған шығарсындар-деймін.
– Тууу, айтып отырған сөзіңе болайын?,- деп кейіп сөйлейді. Қазақтың аяғында байпақты етік, жиде-станның сыртында тері шалбар, шекпеннің ішінде тері кеудеше. Аузына насыбайын салып алып, шырты түкіріп, жауды күткен көп қазақтың бірі едім, осы мына Доғалдың бойынан күтіп алдық. Аманкелді батырдың жанында мен атайын сен тұр деген, өңкей бір жау жүрек жігіттер болатын. Доғалдың қары қалың тоғайы мен қолпанына шегіне қашып, көпірді тұзаққа түсірді.

– Түске жетпей жау қарасы көрінді. Үрпек жақ бетте бір шақырымдай жерде шабуылға дайын тұрған атты әскерге зеңбірекпен атқанмен, оларға оғы жетпеді. Доғал бойының қалың талы мен қолпанына үйілген қалың қардан зеңбірегін алға жылжыту мүмкін болмаған екен, ал алыстан атқан зеңбірек добынын пайдасынан зияны тиді. Дегенмен, мұндай күрсілді көрмеген аттары үркіп, тосқауылдағы атты әскеріміз шегінді. Зеңбіректі өзен бойының тоғайына жеткізе алмаған орыстар, өзен табанында қолпанын арасына бекінген бізге бет алды. Бір иірімде отыз шақты мерген жатырмыз, біз сияқты оншақты топ өз шебін аңдып жатыр. Көп ұзамай орыс солдаттары шеп құрып, әр тұстан 15- 20 адамнан мылтығын ата омбылай жүгіріп, қиқулай ұмтылды. Белгі берілгенде біздің мылтықтарымыз бір мезгілде күрс етті. Нұсқау бойынша мен он шеттен төртінші жатсам, қарсы шептің шеткі төртінші адамы менікі. Бір мезгілде көздеп атқан оқтан жығылған солдаттар тұрмады. Тек ең шеткі мергеннің қисықтау ұшатын ескі мылтығының оғы, солдаттың жүрегіне емес, тізесіне тиген екен. Әлгі орыстың мылтығын тастай салып, тізесін құшақтай өкірген дауысы өзен аңғарын жаңғыртып жіберді. Бұлардан 10-15 кадам кейін жүгірген екінші қатар қалың қарға жата қалды. Қопадан жоғарырақ шок тал түбінде жатқан жүзбасы ыржиып, шошайған сұқ саусағымен ымдағанын бәріміз көріп жатырмыз. Ол өкірген солдатты атпаңдар дегені. Солдаттың ащы даусы былайғы солдаттың көңіл күйіне кері әсер еткенін түсінген болуы керек, көмәндірінің жаралы солдатқа ақырған даусы шықты, сөйтсек «қысқарт» деген екен.

Сталинге кездесер алдында «Қазір мен оның көзіне тура қарап, сөйлеуім керек» - деп қанша бекініп келсем де, қолым алып амандақанда, көзімді қалай тайдырып әкеткенімді өзім де білмей қаламын» деген Уинстон Черчилльдің атақты естелігі бар еді ғой. Сол Стекеңмен еркін сөйлесетін Әліби Жангелдиннің «Аманкелдінің көзі ғажап еді, қадалып қарағанда көзінің нұры өңменіңнен өтіп кететін. Амалсыздан көзіңді тайдырып әкетуге мәжбүр боласың», -деп Аманкелді жөнінде естелік қалдыруы, Сардарбек Аманкелді батырдың шамалы адамның мысын басатын, әруағы басым батыр екенін білдірсе керек. Жаратушы Аманкелді батырдың жан рухын шапағатына бөлесін!

Қасқырбай МҰХАММЕДЖАНОВ,
Қостанай қаласы